

"ҚазАгроФинанс"
АҚ кепіл мүлкіне қойылатын талаптар

1. Кепілге қабылданатын мүліктің тізбесі

Кепілді қамтамасыз ету ретінде Қоғам кепілге қабылдайды:

- кепіл берушінің/қарыз алушының жер учаскелері:
 - а) меншік құқығындағы;
 - б) бастапқы ұзақ мерзімді өтеулі жер пайдалану құқығындағы (5 жылдан 49 жылға дейінгі мерзім);
 - с) жер учаскесіндегі үлеске құқығындағы немесе бастапқы ұзақ мерзімді өтеулі жер пайдалану үлеске құқығындағы;
- өнеркәсіптік, өндірістік, коммерциялық мақсаттағы объектілер;
- тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер;
- мүліктік кешендер;
- құрылыстар мен беріліс құрылғылары (оның ішінде теміржол жолдары, электр беріліс желілері, құбырлар мен автожолдар);
- көлік құралдары, оның ішінде әуе, теңіз және өзен көлігі, автокөлік, теміржол көлігі;
- жабдықтар, өндірістік-технологиялық желілер және өзге де негізгі құралдар;
- құрылыс жүргізіліп жатқан жер учаскесін бір мезгілде кепілге қоя отырып, аяқталмаған құрылыс (құрылыс материалдары, орындалған жұмыстар);
- тауарлар (шикізат және дайын өнім);
- астық қолхаттары бойынша астық;
- биологиялық активтер (ИММ, ҰММ, жылқы, шошқа, бақтар құрамындағы көшеттер);
- ақша;
- құймалардағы тазартылған бағалы металдар;
- бағалы металдардан жасалған монеталар;
- бағалы қағаздар және қатысу үлестері (тек қана қосымша қамтамасыз ету ретінде, бұл ретте қамтамасыз етудің осы түрлері кепіл массасына қатыспайды);
- мүліктік құқықтар (оның ішінде жер қойнауын пайдалану құқықтары, жер пайдалану құқықтары);
- Қоғамның уәкілетті органының шешімі бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылданатын, қамтамасыз ету ретінде қабылдануы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа өтімді мүлік және мүліктік құқықтар.

Кепілге қабылданбайтын мүліктің тізбесі

Кепіл заты бола алмайды:

- 1) азаматтық айналымнан алынған немесе айналымда шектелген заттар;
- 2) кредитордың жеке басымен тығыз байланысты мүліктік құқықтар (талаптар), атап айтқанда алимент, өмірге немесе денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу бойынша талаптар;
- 3) өндіріп алуға жол берілмейтін мүліктің жекелеген түрлері;
- 4) кепілі заңнамалық актілермен шектелген мүліктің өзге де түрлері;
- 5) жылжымайтын мүліктен басқа, Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі мүлік.

2. Мүлікке қойылатын талаптар

Жылжымайтын мүлік объектілеріне қойылатын талаптар

Жылжымайтын мүлік объектілерін кепіл заты ретінде қабылдау ұсынылмайды:

- 1) оларды одан әрі пайдалану мүмкін болмайтын жоғары физикалық тозуы бар (жобаны іске асыру орны ретінде кепілге алынатын жер учаскелеріндегі объектілерді қоспағанда);
- 2) салынған (пайдалануға берілген) сәттен бастап физикалық жасы 40 (қырық) жылдан асатын (жобаны іске асыру орны ретінде кепілге алынатын жер учаскелеріндегі объектілерді қоспағанда);
- 3) көтергіш құрылымдық элементтердің құрылысында саман және/немесе қаңқа-қамыс материалы пайдаланылған (жобаны іске асыру орны ретінде кепілге алынатын жер учаскелеріндегі объектілерді қоспағанда).

Жер учаскесін немесе жер пайдалану құқығын кепілге қою кезіндегі талаптар

1. Жер учаскесі кепіл берушіге жеке меншік құқығымен не тұрақты жер пайдалану немесе бастапқы уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығымен тиесілі болуға тиіс.
2. Бастапқы уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығының несиелік шарттың қолданылу мерзімінен кемінде 2 (екі) жылға асатын қалдық қолданылу мерзімі болуы тиіс;
3. Мына жерлерде жер пайдалану құқығын кепілге алуға жол берілмейді:
 - 1) жалпы пайдаланылатын;
 - 2) қорғаныс қажеттіліктері үшін берілген;
 - 3) орман қоры;
 - 4) сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар;

- 5) қызметтік жер телімі;
 - 6) уақытша қысқа мерзімді өтеусіз және уақытша қысқа мерзімді өтеулі жер пайдалану құқығымен берілген жер учаскелері;
 - 7) су қоры.
4. Кепілге берілмейді:
- 1) егер жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкес дербес учаске ретінде пайдаланылуы мүмкін болмаса, жер учаскесінің бір бөлігі немесе жер учаскесінің бір бөлігіне жер пайдалану құқығы;
 - 2) барлық бөлінетін жер учаскесін немесе оның бір бөлігін немесе бүкіл жер учаскесіне немесе оның бір бөлігіне жер пайдалану құқығын кепілге берілетін жер учаскесінде немесе оның кепілге берілетін бөлігінде орналасқан ғимаратты (құрылысты, құрылымы) бір мезгілде кепілге қоймай;
 - 3) бөлінбейтін жер учаскесінің немесе бөлінбейтін жер учаскесіне бір мезгілде кепілсіз жер пайдалану құқығының, ондағы ғимараттың (құрылыстың, құрылымның);
 - 4) бөлінетін жер учаскесінің бір бөлігін немесе осы ғимарат (құрылыс, құрылым) алып жатқан және оны пайдалану үшін қажетті бөлінетін жер учаскесінің бір бөлігіне жер пайдалану құқығын бір мезгілдегі кепілсіз немесе бүкіл бөлінбейтін жер учаскесін немесе ғимарат (құрылыс, құрылым) орналасқан бүкіл жер учаскесіне жер пайдалану құқығын бір мезгілдегі кепілсіз.

Жабдықты кепілге қою кезіндегі талаптар

1. Жабдық (технологиялық желі) барлық құрамдас бөліктерді (тораптар, станоктар, агрегаттар) қоса алғанда және техникалық жарамды күйде толық кепілге қабылданады.
2. Кепілге қабылданатын жабдық МЕМСТ және ТШ сәйкес сақталуы және пайдаланылуы тиіс, сондай-ақ Кепіл берушінің уәкілетті бақылаушы мемлекеттік органдардан пайдалануға рұқсаты болуы тиіс (егер рұқсат туралы талап нормативтік құқықтық актіде белгіленген жағдайда);
3. Күрделі қымбат монтаждауды/бөлшектеуді талап ететін жабдық кепілге қойылған кезде жабдық орнатылған немесе орнатылатын жылжымайтын мүлікті кепілге беру міндетті;
4. Жабдық кепілге қойылған кезде Кепіл ұстаушыға техникалық паспорттардың түпнұсқалары (бар болса) беріледі.

Көлік құралдарын, ауыл шаруашылығы және өзге де техниканы кепілге қою кезіндегі талаптар

1. Көлік құралдарын, ауыл шаруашылығы және өзге де техниканы кепілге алу техникалық жарамды жағдайда ғана мүмкін болады (тиісті

мемлекеттік органда техникалық байқаудан өту міндетті).

2. Кепілге көлік құралдары, трактор, ауыл шаруашылығы, құрылыс-жол, тау-кен және басқа да арнайы техника қабылдануы мүмкін, оларды пайдалану кепілге қабылданған сәтте төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдерден аспайды:

Жылжымалы мүлік санаты	АҚШ, Канада, Оңтүстік Корея, Еуропа, Жапония, оның ішінде өндірісі ҚХР-да орналасқан жоғарыда аталған елдердің брендтері	Басқа елдер	ҚХР
Жеңіл автокөлік	5	5	*
Жүк көлігі	12	12	5
Автобустар (15 орыннан артық)	10	10	*
Шағын автобустар (15 орынға	7	7	*
Ауыл шаруашылығы техникасы	10	10	5
Басқа арнайы техника	10	10	5
Тіркемелер, жартылай тіркемелер	10	10	5
Жүк вагондары	10	10	*

* қамтамасыз етуге қабылданбайтын жылжымалы мүлік

Астық кепіліне қойылатын талаптар

Кепіл тиісті лицензиясы бар АҚК-да сақталатын астыққа қатысты кепіл куәлігінде индоссаменттің астық қолхатын (астық кепілі) жасау және астық қолхаттарын беру, айналысқа жіберу және өтеу қағидаларына сәйкес астық қолхаты бойынша астық кепілі шартын жасасу жолымен жүзеге асырылады.

1. Азық-түлік жұмсақ бидай дәнінің сапасы келесі талаптарға сай болуы керек:

- 1) натура - кемінде 750 г/л;
- 2) ылғалдылық - 14,5 % аспайды;
- 3) желімтектің массалық үлесі - кемінде 23,0 %;
- 4) арамшөп қоспасы - 2,0 % аспайды;
- 5) астық қоспасы - 4,5 % аспайды;
- 6) қалған сапалық көрсеткіштер - үшінші сыныпты жұмсақ бидай үшін

ҚР СТ 1046-2008 белгілеген нормалар шегінде.

2. Азық-түлік қатты бидай дәнінің сапасы келесі талаптарға сай болуы керек:

- 1) натура - кемінде 750 г/л;
- 2) желімтектің массалық үлесі - кемінде 25,0 %;
- 3) мөлдірлігі - кемінде 60 %;
- 4) арамшөп қоспасы - 1,0 % аспайды;
- 5) астық қоспасы - 4,0 % аспайды;

6) қалған сапалық көрсеткіштер - үшінші сыныпты қатты бидай үшін ҚР СТ 1046-2008 белгілеген нормалар шегінде.

3. Екінші класты арпа дәнінің сапасы келесі талаптарға сай болуы керек:

- 1) натура - кемінде 620 г/л;
- 2) ылғалдылық - 14,5 % аспайды;
- 3) арамшөп қоспасы - 2,0 % аспайды;
- 4) астық қоспасы - 5,0 % аспайды;

5) қалған сапалық көрсеткіштер - 28672-90 мемлекеттік стандартқа (МЕМСТ) сәйкес.

4. Рапс сапасы келесі талаптарға сай болуы керек:

- 1) ылғалдылық - 7,0 % аспайды;
- 2) арамшөп қоспасы - 2,0 % аспайды;
- 3) май қоспасы - 6,0 % аспайды;

4) қалған сапалық көрсеткіштер - 10583-76 мемлекеттік стандартқа (МЕМСТ) сәйкес.

5. Соя сапасы келесі талаптарға сай болуы керек:

- 1) ылғалдылық - 12,0 % аспайды;
- 2) арамшөп қоспасы - 3,0 % аспайды;

3) майлы қоспалардың ішінде сояның аязды тұқымдары - 10,0%-дан аспайды ;

4) қалған сапалық көрсеткіштер - 17109-88 мемлекеттік стандартқа (МЕМСТ) сәйкес.

6. Астық кепілге қойылған кезде резидент-сақтандыру компаниясында астықты сақтандыру қажет.

Ауыл шаруашылығы жануарларын кепілге қою кезіндегі талаптар

Ауыл шаруашылығы жануарлары кепілге мынадай шарттармен қабылдануы мүмкін:

1) зооветеринарлық талаптарға сәйкес жануарларды (өндірістік ғимараттар, жабдықтар, жемшөп өндіруге арналған ауыл шаруашылығы техникасы, жемшөп базасы, жайылымдар) күтіп-бағу және өсіру үшін қажетті жағдайлардың міндетті түрде болуы;

2) қажетті ветеринариялық тексерулерден тұрақты (уәкілетті органдар (тұлғалар) талаптарымен белгіленген уақыт сайын) өту және профилактикалық егулерді жүзеге асыру; тиісті ветеринариялық паспорттың болуы;

3) белгіленген тәртіппен (тек асыл тұқымды мал үшін) асыл тұқымды малдың, асыл тұқымды өнімнің (материалдың) шығу тегін, өнімділігін және сапасын растайтын бес жыл ішінде есепке алуды жүргізу;

4) ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторымен келісілген ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарының, әрбір жануарға ветеринариялық паспорттың болуы

жүргізілген емдеу рәсімдері және профилактикалық егулер туралы ветеринариялық маманның белгісі бар;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі дерекқорда тіркеудің болуы;

6) жануарларды бордақылау және ұстау үшін өндірісте пайдаланылатын негізгі құралдарды кепілге беру туралы мәселені міндетті түрде қарау (ғимараттар мен құрылыстар, жабдықтар, көлік құралдары, ауыл шаруашылығы және жем-шөп жинау, жем-шөп дайындау, жем дайындау техникасы);

7) тұқымның өсімін молайту үшін іріктеп алынған асыл тұқымды өндіруші малды кепілге берген кезде Кепіл беруші өндірушінің асыл тұқымды шығу тегі туралы құжатты (асыл тұқымдық куәлік) және өндірушінің ұрпақ сапасы бойынша бағалау сертификатын, сондай-ақ жануарлардың асыл тұқымдық құндылығын айқындау жөнінде қызметтер көрсету бойынша аттестатталған жеке және (немесе) аккредиттелген заңды тұлғалар жүргізген көрсетілген малдың өзіндік өнімділігі туралы мәліметтерді ұсынады;

8) егер кепілге асыл тұқымды шаруашылықты (асыл тұқымды зауытты) құрайтын жануарлар жиынтығы берілген жағдайда, Кепіл беруші оларға қойылатын асыл тұқымды шаруашылықты тиісті күтіп-бағу және дамыту үшін қажетті стандарттар мен заңнаманың талаптарын сақтауы тиіс;

9) асыл тұқымды ауыл шаруашылығы жануарлары уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен мал тұқымдары мен түрлерінің өнімділігінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне сәйкестіктің ең төменгі талаптарына сәйкес келуі тиіс;

10) ауыл шаруашылығы жануарларын кепілге беру кезінде Лизинг берушіні/Қарыз алушыны қаржыландырудың бүкіл кезеңі ішінде Кепіл берушінің есебінен кепіл заттарын (өлімнен, аурудан және т.б.) мүліктік сақтандыруды жүзеге асыру қажет.